



010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ ЖЫЛҒЫ «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

13.03.2024ж. жарияланды

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрдің
орынбасары
Т.Б. Дүйсеноваға**

Депутаттық сауал

Құрметті Тамара Босымбекқызы !

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында: «Еліміздегі медицина инфрақұрылымын жақсарту қажет. Оның жай-күйіне қатысты түйткілдер аз емес. Мемлекет соның бәрін біртіндеп шешіп жатыр. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында ауыл-аймақта 600-ден астам нысан салу жоспарланған. Жұмыстың бәрі уақтылы әрі сапалы жасалуы керек», – деп өте маңызды міндеттер жүктеген болатын.

Бүгінгі депутаттық сауал Түркістан облысындағы шалғай аудандарда медициналық инфрақұрылымдарды күрделі жөндеу, жаңа құрылысын жоспарлау және жаңа медициналық құрал-жабдықтармен қамту шараларын шешуге арналады. Бұл түйткілді мәселе «АМАНАТ» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасында да қарастырылған.

Түркістан облысындағы ауруханалар мен емханалар басым көпшілігі күрделі жөндеуді қажет етеді. Себебі, өңірде орналасқан әлеуметтік нысандардың көпшілігі 1950-60 жылдары бой көтерген. Тозығы жетіп, қабырғалары құлаудың алдында тұр. Материалдық техникалық базасы ескірген. Жаңа медициналық объектілерді салып, сапалы медициналық қызметті қолжетімді ету өте өзекті.

Жыл сайын медицина саласын қолдауға триллиондар жұмсалып жатса да, ауыл тұрғындары игілігін көре алмай келеді. Жоғарыда аталған жағдайлар осының дәлелі деп білеміз. Түркістан облысы еліміздің халқы көп,

демографиялық өсімі жоғары аймағы болғандықтан, Ұлттық жоба аясында ауыл медицинасының аянышты халін бірінші кезекте шешу керек.

Құрметті Тамара Босымбекқызы осыған байланысты төмендегі мәселелерге назар аударуыңызды сұраймын.

1. Созақ ауданындағы орталық аурухананың жылу және электр жүйесі жаңарту қажет. Рентген аппараттарын жаңартуды қолға алу өзекті. 60 мыңнан астам тұрғыны бар ауданда морг жоқ. Сондықтан қайтыс болған тұрғындарға патологиялық, анатомиялық зерттеулер жүргізу үшін облыс орталығына баруға мәжбүр. Ауылдық округтерде және елді-мекендердің кейбірінде дәрігерлік амбулатория мен аурухана, емхана мүлдем жоқ. Сол себепті, балтыры сыздап, басу ауырған әрбір тұрғын 300-ден астам шақырым жол жүріп, аудан орталығына келуі қажет. Созақ ауданының медицина инфрақұрылымы мәселесін шешу кезек күттірмейді.

2. Бәйдібек ауданында Мыңбұлақ ауыл округі Бөген дәрігерлік амбулаториясы 4 мыңға жуық халыққа қызмет көрсетеді. 1957 жылы салынған дәрігерлік амбулаторияның тозығы жеткен. Медициналық санитарлық талаптарға мүлдем сәйкес келмейді. Орталық ауруханаға қарасты 12 дәрігерлік амбулаторияның барлық санитарлық автокөліктерін жаңарту қажет. Бірнеше жылдан бері өзекті мәселеге айналған аудан орталығынан 30 шақырым қашықтықта орналасқан жұқпалы аурулар бөлімшесінің жағдайын түбегейлі шешу қажет.

3. Түлкібас ауданы Састөбе, Мичурин және Түлкібас кенттерінде дәрігерлер ыңғайластырылған ғимаратта отыр. Нысан күрделі жөндеуді қажет етеді. Терапиялық бейіндегі 14 төсекке арналған аурухана Састөбе кенті және Келтемашат, Арыс, Машат, Балықты округіне қарасты 32 мың халыққа қызмет көрсетеді. Қазір Састөбе кентінен жаңа аурухана ғимаратын салу үшін 1,5 га жер телімі қарастырылып отыр. Ендігі мәселе Састөбе, Мичурин және Түлкібас кенттерінде жаңа аурухана салу жайын шешу.

4. Шардараның «Қазақстан», «Алатау батыр» сияқты шалғайдағы ауылдарында бұрыннан істеп тұрған аурухана мен перзентхана не себепті екені түсініксіз, жабылып қалған. Жуырда балалар бөлімін қысқартып тастаған. Бұл ауылдар аудан орталығынан 110 шақырым қашықтықта орналасқан. Елді мекен тұрмақ, ірі көптеген ауылдарда амбулаториялық пунктте жоқ. Осындай проблеманың барын біле тұра, әлгіндегідей ауылдық ауруханаларды жауып тастау, Президент тапсырмасына «құлақ аспау» деп түсінеміз. Ауыл тұрғындарының айтуынша, ауруханаға барар жолда жан тәсілім еткен науқастар көбейіп кеткен. Тіпті, жүкті әйелдер жолда босанып, нәрестелер шетінеп кеткен жағдайлар бар.

5. Сарыағаш және Келес аудандарының ең шалғай орналасқан ауылдарында медициналық және фельдшерлік-акушерлік пунктердің ашылуын қамтамасыз ету мәселесін шешуді сұраймыз.

6. Әрбір елдімекенде алғашқы медициналық көмек көрсетуге жағдай жасап, қажетті мамандармен және дәрі-дәрмек, құрал-жабдықпен, жедел жәрдем көліктерімен қамтамасыз етуді;

7. Аудандық ауруханаларды заманауи талапқа сәйкестендіру сияқты мәселелердің шешілуіне ықпал етуіңізді сұраймын.

**Құрметпен,
«АМАНАТ» партиясы
Фракциясының депутаттары**

**Ұ. Сәдібеков
Қ. Балабиев
Т. Қырықбаев
Б. Нажметдинұлы**

**«Жалпыұлттық
социал-демократиялық»
партиясы
Фракциясының депутаты**

Н. Әуесбаев

*Орын: Н. Хасанов
т. 74-64-02*